



# СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРДІҢ ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ



# САБАҚ ЖОСПАРЫ:

- ❖ **МҰҒАЛІМДЕР МЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ**
- ❖ **ҚИЫН БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІ БОЙЫНША МЕКТЕПТЕН ТЫС ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК**
- ❖ **ҚИЫНДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

**Қиын балалардың отбасындағы беріктігі және өнегелі отбасында өнегелі ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз. Қиындықты шешудің негізгі жолы-отбасында қарым-қатынастарды орнату.**

**В.Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. Ол баланың сабақ үлгерімінің жақсаруымен қоса денсаулығының мықты болуына ,ой-өрісінің кеңеюіне көңіл бөлді және балалардың 3-4 сыныптарға дейін бірқалыпты ,тәртіпті болып келіп, 4-сыныптан кейін бастайтындығын түсіндірді. Ересек кезең – бала тәрбиелеудегі ең қиын кезең екендігін айта келіп, ата-аналарды балалармен сырласуға шақырады.**





1. ата-аналармен  
тұрақты  
байланыс  
орнату

2. Отбасы мен  
мектептің  
қоятын да  
талаптарының  
бірлігін  
қамтамасыз ету

**Ата-аналармен  
жүргізілетін  
сынып  
жетекшісінің  
негізгі  
міндеттері**

3. Ата –аналар  
ұжымын құру

4. ата-  
аналардың  
педагогикалық  
білім дәрежесі  
мен мәдениетін  
үнемі арттырып  
отыру

# СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ НЕДЕ?

-Баланың өмірін ұйымдастыруда , оның тәрбиесіне қатысты мәселелерді шшуде ортақ көзқарастың болуында;

- Баланың отбасы мен мектеп жағдайындағы дамуын және әлеуметтенуін тиімді ұйымдастыру мақсатында тәрбиенің бірыңғай ұстанымдарын қоюда;

-баланың әлеуметтік – педагогикалық және психологиялық даму жағдайын ескере отырып , тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін дұрыс анықтау,оларды жүзеге асырудың болуында

- Баланың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін тәрбиелік ықпалды тиімді және нәтижелі ұйымдастыруда;

- Балаға мектеп пен мектептен тыс тәрбие мекемелерінің , ата-аналар мен жұртшылықтың педагогикалық қолдануын ұйымдастыруда;

- Баланы әртүрлі ортада , әртүрлі жағдайда жан-жақты жақсы танып білу үшін;

- Балаға ықпал етудің жалпы тәсілі мен техникасын ойластыруда, әртүрлі өмір жағдайында оның тұлғасына әсер етуде күш-жігерді біріктіру үшін;

Сынып жетекшісі, оқушылар және ата-аналардың жағымды көңіл күйін , өзара жағымды түсіністік пен ынтымақтастық қарым-қатынасын орнықтыруда т.с.с.

# Сынып жетекші жоғарыда аталып кеткен міндеттерге сай атқаруы тиіс 5 қызметі

+

- 1.Ата –аналарды сыныптағы оқу-тәрбие процесінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру

+

- 2.Ата-аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру

+

- 3.Ата-аналарды балалармен бірге әрекетке қатыстыру \*

+

- 4.Отбасы тәрбиесіне қатысты ата-аналарға педагогикалық –психологиялық кеңес беру

+

- 5.Ата-аналармен белсенділермен жұмыс және ата-аналардың әртүрлі қоғамдық ұйымдармен ,жұртшылықпен өзара әрекеттесуі

сабақтарына,  
олимпиада  
кештерге,  
апталарға

Сабақтан тыс  
әртүрлі тәрбиелік  
шараларға  
қатыстыру

Балалардың аула  
клубтарын құруға

Мектептің кәсіптік  
бағдар  
жұмыстарына  
қатысу

Мектептің және  
сынып  
кеңетерінің  
жұмыстарына

Мектеп  
тәжірибесінде  
ата-аналарды  
баларды бірге  
әрекетке  
қатыстырудың  
формалары

Өздерінің  
мамандықтарына  
сай  
факультативтік  
және үйірме  
жұмысын жүргізу

Мектептің немесе  
сыныптың жөндеу  
жұмыстарына,  
көгалдандыру  
жұмыстарына

Мектептің  
немесе  
сыныптың  
әртүрлі  
шараларын  
өткізуге

# СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСЫНЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Ата –аналар жиналысы


Ата-аналармен жеке кездесу

Ата-аналар үшін әңгімелер мен

Ата-аналар белсенділерімен жұмыс

Конференция

өткізу





## Ата-анлар жиналысының хаттамасы

/Күні, айы, жылы. Уақыты/

Кімдер қатысты.....

Тақырыбы.....

/Немесе/

Күн тәртібі:

1) .....

2) .....

3) .....

Жарыссөзге қатысқандар.....

Ұйымдастыру және басқа да сұрақтар.....

Ата-аналардың сұрақтары , ескертпелері,

ұсыныстары.....

Қабылданған

шешім.....

Төраға...../

Хатшы...../

# ҚИЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНА СЕБЕПТІ ФАКТОРЛАР



Тұрмыстағы  
ұрыс-  
жанжал

Баланың  
табиғи  
психологиял  
ық  
ерекшелігін  
ескермеу

Ата-ананың  
біреуінің  
болмауы

Баланың  
жан  
дүниесіне  
көңіл  
бөлмеу

Отбасындағ  
ы ажырау  
және жаңа  
адамның  
келуі

Ата-  
ананың  
бос  
уақытыны  
ң  
болмауы

Бақылау-  
сыздық

Баланың  
көзінше  
теріс  
қылықтар  
жасау



# ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ:

- Әрбір қиын баланы жан – жақты зерттеп, мінез – құлықтарының бағыт – бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алу.
- Әрбір оқушының адамгершілік сынды тәжірибелердің құра біліп, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.
- Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап – тілектеріне орай, қабілеті мен икемдерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру.
- кейбір қиын оқушылардың оқу – тәрбие процесінде ұжымдық өмір қарым – қатынастарында ұсқынсыз ауытқушылықтар болса, деп кезінде өол үшін беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою. Әңгімелеу оқу – тәрбие процесінде ең қажетті құралы.

**«Қиын» деген оқушының өзі бұзылған, бала емес екенін ескеру керек. Сондықтан да «қиын» бала тәрбиесінде тәрбиеші мына жайттарды ерекше назарда ұстаған жөн:**

- Баланың жас ерекшелігін ескере отырып, рухани дүниесін терең зерттеп білу, жүрегіңізбен сезініп, оған қайырымды болу керек.
- Баланың ішкі дүниесі мен қылықтарын, іс-әрекеттерін білу керек, мінезін түсіну үшін оның дамуына қажетті не екенін білу керек.
- Мейірім мен сүйіспеншілік – екі жақты да адамдық сипатқа жеткізетінін ұғыну керек.
- Психологиялық түзету кезеңінде тек қана төзімділік керек.
- Тәрбиелік іс-әрекет кезінде сабырлы, ілтипатты, салқынқанды, ұстамды болу қажет.
- Баланың саналы түсінгендігіне сенім көрсетіп, әділетті болу керек.
- Құр уағыз айтып, мезі етіп, жанын жараламай, қателігін үнемі бетіне баспау керек.
- Орынсыз жазаламау керек.
- Жан жылуын зәруліктен құтқару, бала құқығымен санасу.
- Жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету жағын ескеру қажет.
- Осы жағдайлардың бәрін ескере отырып, тәрбиеленуі қиындардың әрқайсысына әр түрлі қатынас жасап, оларды жеке-жеке бақылап, зерттеп, өзіне лайықты шара қолданып, тәрбие жұмысын жүргізу керек.

**Тәрбиелеуі «қиын» жасөспірімдерді тәрбиелеу проблемасы көп факторлы құбылыс, оны психологиялық жағынан бақылап зерттеу, педагогтар мен психологтарға, заң қызметкерлеріне жүктеледі.**


**Ол үшін баламен жұмысты қалай жүргізуге болады:**

- ❖ “тәрбиеші және бала” – бір-біріне деген сенім атмосферасының қалыптасуы;
- ❖ мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау және баланың балалық шағын қорғау туралы үрдістерді іске қосу;
- ❖ баланың жанұясымен үнемі тығыз байланыста болу;
- ❖ үнемі әлеуметтік қорғау туралы қосымша мағлұматтармен, құжаттармен танысу

# Қиын оқушыларды тәрбиелеу процесіндегі әдістік – тәсілдерді әдістемелік жағынан қолданудағы тәрбиелеу жүйесінің кезеңдері:

## • дайындық кезеңі- қиын баланың тәртібінің төмендеуіне себепті болған жағдайларда аңықтау

- екінші кезең – қиын оқушылар мен көш жора – жолдастары арасындағы байланыстырудың дәрежесін тереңдігін аңықтау.
- Үшінші кезең өзгеріс кезеңі. Көптеген қиын оқушылардың ішкі жан дүниесінде өзгерістер тұл бастайды. Жеткіншіліктердің мінезіндегі теріс қылықтар, әдет дағдылар мен қалыптаса бастаған жаңа адамгершілікті сапалардың арасында күрес басталады.
- Соңғы кезең бекіту кезеңі, ірбір қиын оқушы мінез құлқындағы адамгершілік мәнді өзгерістер болған сайын, өзін - өзі тәрбиелеуге талаптанып, оңды қасиеттерді дамытады.



*Әңгімелесу әдісі* – бұл баламен сөйлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу, түсіну және оны шешуге бағыт-бағдар сілтеу





*Сауалнама* жазу арқылы бала туралы ақпарат жинау. Сауалнаманың мазмұнында негізгі проблема ғана болуы тиіс.

- ❖ ойы
- ❖ мінезі
- ❖ әлеуметтік демографиялық жағдайы
- ❖ белгілі бір бағыт бойынша қызығушылығы


*Сұрақтар мынандай түрде болуы мүмкін:*

- сұрақ (дайын жауаптардан керегін бала өзі таңдайды)
- өз бетімен жауап беру
- тура жауаптар
- жанама жауаптар




*Сұхбаттасу әдісі* – алдын-ала дайындалған сұрақтарға жауап алу. Бұл әдісте мына жағдайларды есте ұстаған абзал:

- ❖ қарапайым жағдайда сөйлеу
- ❖ баланың үнемі болатын ортасында сұхбаттасу
- ❖ жауап беру мүмкіндігін ескеру;
- ❖ белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керектігін айту;
- ❖ үшінші адамның көмегінсіз әңгімелесу



*Тест әдісі* — стандартты тапсырмалар арқылы зерттеу. Дамыту, графикалық, ассоциациялық тестер болуы мүмкін. Жауаптарды белгілі бір жүйе арқылы сараптау, талдау қажет.



**Құжаттарды тексеру** – бұл әдісті үнемі қолдануға болады. Құжаттар мынандай түрде кездеседі:

жеке, жанұялық және сыныптық т.б.

алғашқы (бақылау немесе әңгімелесу кезінде алынған жауап), соңғы (сараптаудан өткен нәтиже)

негізделген және негізделмеген

Бұл әдісті қолдану бала туралы ақпараттарды тез арада жинауға көмектеседі, бірақ ақпараттың кейбір түрлері белгілі бір уақытқа қана жарамды болады, оны жаңартып отыру қажеттігі туындайды. Сонымен қорытындылай келе, тәрбиесі «қиын» жасөспірімдерді тәрбелеу проблемасын ата-аналар, психологтар, педагогтар болып бірігіп қолға алуымыз қажет. Өйткені, тәрбие саласында жүрген кемшіліктерді уақыт өткен соң қайыра қалпына келтіру қиын.



Жас шыбықтың шорт сынбай, қайырылса да қайта орнына келгенінің жақсы болатыны секілді, қиыны келіспесе де қиын баланы тәрбиелеу қажырлы, қайратты еңбекті талап етеді.

Ұрпағымыздың жұмсақ мінезді, мейірімді, байланыс жасауда қиындық тудырмауы үшін, өмірдің қатал сынына төзбей «қиын бала» атанған бауыр етіміз балалардың тәрбиесіне бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып іске кірісуіміз қажет.







**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!**

